**Токеева Асель Амантаевнаның**

**«6D020200 – халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған**

**«Стратегиялық әріптестік Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынас формасы ретінде» атты диссертациясына ресми рецензенттің**

**П І К І Р І**

| р/ н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1 | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/ немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | - "Қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың, халықаралық құқықтың, жаһандық, аймақтық және трансшекаралық геосаяси, геоэкономикалық, геокеңістіктік үдерістердің өзекті мәселелерін зерттеу", яғни әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулердің ғылыми даму бағыты бойынша.<br>- Мемлекеттік бағдарламаларға «Қазақстан Республикасының дамуының 2050 ж. даму стратегиясы», «Қазақстан Республикасының дамуының 2025 ж. дейін даму стратегиялық жоспары»,ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтің Қазақстан халқына жолдауы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» (1.09.2021 ж.), Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі VI саммитінің «Азиядағы ынтымақтастық пен сенім тұғырнамасы» (14.10.2022 ж.), «Ортақ мақсат – тату көршілік және стратегиялық серіктестік» мәлімдеме (17.10.2022 ж.), Президенттің «Қазақстанның өз ұлттық мүддесін қорғауға бағытталған теңгерімді және сындарлы сыртқы саясаты. Ресеймен, Қытаймен және Орталық Азиядағы бауырлас мемлекеттермен, интеграциялық бірлестіктер жөніндегі серіктестермен арадағы өзар тиімді ынтымақтастық пен стратегиялық әріптестік» тұғырнамасы (28.11.2022 ж.), «Қазақстан Республикасында білімді дамыту мемлекеттік бағдарламасы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы 2021-2025 жылдарға»,«2020-2030 ж. Қазақстан Республикасының Сыртқы Саясатының тұжырымдамалары». |
| | | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын | Диссертация сәйкес келеді: |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br>3) **Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес ( бағытын көрсету)** | - «6D020200 – халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін докторантура аясында дайындалған диссертациялық жұмыс:«Қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың, халықаралық құқықтың, жаһандық, аймақтық және трансшекаралық геосаяси, геоэкономикалық, геокеңістіктік үдерістердің өзекті мәселелерін зерттеу», яғни әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулердің ғылыми даму бағытына сәйкес келеді. |
| 2 | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған. | Жұмыс зерттеу тақырыбы аясында ғылымға елеулі үлес қосады. Өйткені «Стратегиялық әріптестік Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынас формасы ретінде» атты тақырыбындағы зерттеу жұмысы алдағы уақыттарда да үлкен ғылыми қызығушылық тудыратыны келешекте жалғасын табары анық. Бұл зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы дипломатиялық қатынас стратегиясының маңыздылығы тұрғыда негізіне терең зерттеу жасалады. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бергі екі мемлекет арасындағы татукөршілік принципінен стратегиялық әріптестікке дейін жүріп өткен жолға сараптама жасала келіп, екі мемлекет арасындағы өзекті мәселелер кешенді зерделенген. Сондай-ақ екіжақты қарым-қатынастарды одан әрі жетілдіруге қатысты нақты ұсыныстар жасалады. Жұмыс Қазақстан мен Қытай арасындағы байланысты зерттеуге арналған алдыңғы еңбектерге сүйене отырып, осы мәселенің өзге қырларын ашу арқылы халықаралық қатынастар ғылымына елеулі үлесін қосады, тақырыптың маңыздылығы жеткілікті деңгейде ашылған. |
| 3 | Дербес жазу қағидасы | Дербес жазу деңгейі:<br>**1) жоғары;** | Диссертацияны жазуда автор дербестік танытып, өзі жазу деңгейі жоғары деп бағалауға болады. Токеева А.А зерттеуі өз бетімен дербес |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) орташа;<br>3) төмен;<br>4) өзі жазбаған | түсінікті ғылыми тілмен жазылған жұмыс. Жұмыс жоғары деңгейде жазылған деп айта аламыз. Автор сілтемелерін керекті жерінде орынды келтіреді. Себебі, диссертант халықаралық қатынастарда «Әріптестік», «Стратегиялық ынтымақтастық» терминдерін нақтылай отырып, бұл терминдерді қарастыру арқылы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы ынтымақтастық қарым- қатынасының негіздері мен болашағын халықаралық қатынастар теориясы мен әдіснамасына сүйене отырып, жазып шыққан. Сонымен қатар еңбектің мәтінін жазу стилі ғылыми сипатта екені байқалды. |
| 4 | Ішкі бірлік қағидасы | 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>**<u>1) негізделген;</u>**<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген | Тақырыптың өзектілігі 4 (төрт) факторға негізделген. Біріншіден, Ұлы Жібек жолынан бастау алған екі ел арасындағы ғасырларға жалғасқан өзара әрекеттестік қатынас Қазақстанның тәуелсіздігін алғаннан соң дипломатиялық қарым-қатынасқа жалғасқандығы, екіншіден, халықаралық қатынастарда «Әріптестік», «Стратегиялық ынтымақтастық» терминдерін нақтылай отырып, бұл терминдерді қарастыру арқылы Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы ынтымақтастық қарым-қатынасының негіздері мен болашағын саралау, үшіншіден, екі ел арасындағы байланыстарға сызат түсірер мәселелер мен әлемде болып жатқан қауіп-қатерге ұлттық мүдде тұрғысынан қарау, төртіншіден, болашаққа болжау жасау қажеттігі тұрғысынан негізделген. Бұл факторлар диссертациялық зерттеу мәселесінің өзектілігін негіздейді және ішкі бірлік қағидасының толық сақталғандығын байқатады. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды<br>**<u>1) айқындайды;</u>**<br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | Диссертацияның мазмұны тақырыпты толықтай айқындайды және ашады. Тақырыптың негізгі арқауы мен баяндалуы теориялық және практикалық маңызы бар мәселе екенін көрсетеді. Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде, атап айтқанда, стратегиялық әріптестікті зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері, халықаралық ұйымдардағы Қазақстан-Қытай стратегиялық қатынастарының негізгі бағыттары, әріптестігінің қазіргі жағдайы және болашағы ашылуымен айқындалады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br>**<u>1) сәйкес келеді;</u>**<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді | Диссертацияның мазмұны зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толықтай сәйкес. Диссертант зерттеу проблемасын шешуде Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестікті кешенді талдау мақсатын көздейді. Оның әрбір зерттеу міндеті осы мақсаттан туындайды. Жоспар ұтымды құрылған және тақырыпты барынша кең ашып беріп отыр. Мақсатқа қатысты жұмыстың теориялық және қолданбалы-практикалық қырларды ашып көрсетілген. Соған сәйкес диссертация мәтінінде көрсетіліп қойылған сегіз міндеттері айқындалған. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>**<u>1) толық байланысқан;</u>**<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | Зерттеу жұмысының барлық бөлімдері мен параграфтары толықтай логикалық тұрғыда өзара байланысқан. Жұмыс Ішкі бірлікпен, бөлімдер мен бөлімшлердің нақты және өзара әрекеттесуімен ерекшеленеді. Диссертация 9 параграфтан құрылған үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім зерттеу проблемасының теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауға арналса, екінші бөлім зерттеу проблемасын негізгі бағыттары саралуға, ал үшінші бөлім әріптестігінің қазіргі жағдайын талдаумен болашағын анықтауға арналған..Диссертация жұмысы – толықтай аяқталған ғылыми жұмыс деп айтуға толық негіз бар. Бұл Қазақстан мен Қытай Халық Республикасының халықаралық әріптестігін жүйелі талдау мәселесін анықтаумен байланысты болып отыр. Жұмыстың соңғы тарауында болашаққа болжамдар жасап, екі ел қатынастардың маңызды қырларын айқындалады. |
| | | 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>**<u>1) сыни талдау бар;</u>**<br>2) талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | Зерттеу барысында автордың салыстырып жүргізген және бағалаған шешімінде сыни талдау бар екені, халықаралық қатынастарда «Әріптестік», «Стратегиялық ынтымақтастық» ұғымдарын ғалымдардың берген анықтамаларына талдау жасауы негізінде өз анықтамаларын беруімен және зерттеу проблемасының халықаралық қатынастардағы стратегиялық әріптестікті зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін сыни талдаумен негізделеді. Авторлық тұрғыдан зерттеу проблемасының теориялық тұжырымдармен негіздеуімен айқындалады. Дегенмен, жас маманға кейде батылырақ өзінің авторлық позициясын айқындай түскені жөн еді. Мәселен, тақырыптың зерттелу дәрежесін анықтау бөлімінде шетелдік және |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | отандық ғалымдардың зерттеулеріне сараптама жасаған тұста өзіңіздің зерттеуіңіздің ерекшелігін анықтап айтқаныңыз дұрыс болар еді. Осыны жұмыста сыни тұрғыда толығырақ және айқын көрсеткен артық болмас еді. Жалпы барлық шешімдер мен ұсыныстар сыни талдаудан өткізіледі. |
| 5 | Ғылыми жаңашылдық қағидасы | 5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) толығымен жаңа;<br>**2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);**<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | -Ғылыми нәтижелер мен тұжырымдамалар толықтай жаңа. Зерттеу жұмысында алғаш рет «стратегиялық әріптестік» концепт-ұғымына теориялық-концептуалдық контекстіде семиосфералық тұрғыда талдау жасалынуы дәлелді шыққан.<br>-Екі мемлекет арасындағы дипломатиялық қатынастың динамикасы кезеңдеріне негізделе отырып, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының стратегиялық әріптестігінің эволюциясы сарапталуы арқылы алынған авторлық анықтауы сенімді.<br>-Қазақстан мен Қытайдың аталмыш аймақтық платформа аясында ынтымақтастығына кешенді сараптама жасай отырып, олардың халықаралық және аймақтық ұйымдар аясындағы әріптестігіне компаративистикалық талдау жасалынған;<br>-Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығының 30 жылдық даму жолын қарастыра отырып, Қазақстан-Қытай әріптестігінің негізгі тенденциялары мен болашағына болжам жасалынуында деп өз анықтамасын беруі құптарлық.<br>-Қазақстан мен Қытай дипломатиясының тұтас отыз жылдық дәуірі төрт кезеңге ажыратыла отырып, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, "Бір белдеу, Бір жол" бастамасы және жаңадан құрылған Орта Азия - Қытай (5+1) форматтары аясында екіжақты және көпжақты ынтымақтастыққа негізделіп, қабылданған құжаттарға тыңнан баға беріліп, ғылыми айналымға енгізілуі де диссертацияның ғылыми нәтижелері мен қағидаттарының жартылай жаңа болып табылатындығын көрсетеді. |
| | | 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады ма?<br>1)толығымен жаңа; | Диссертацияның әр қорытындылары тыңғылықты негізделген. Ізденуші зерттеу жұмысын қорытындылай отырып, тақырып бойынша әлі де жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттігін анықтайды. Диссертация аясындағы проблемалар зерттеудің өзекті мәселесіне |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | **2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);**<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | айналатындығын көрсетеді және бірқатар ұсыныстар береді. Диссертанттың қорытындылары нақтылап, дәйектелген. Әлемдік қауымдастықта екі елдің халықаралық бастамаларына әрдайым қолдау көрсететін тараптар жаһандық, аймақтық құрылымдар аясындағы байланыстарды дамытып келетінін көрсеткен. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1)толығымен жаңа;<br>**2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);**<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жартылай жаңа және негізделген болып табылады. Бірқатар жаңа тәсілдер мен теориялардың негізінде Қазақстан мен Қытайдың әріптестігіне талдау жүргізу арқылы диссертациялық жұмыс әлеуметтік-гуманитарлық ғылым бойынша технологиялық тұрғыдан қамтамасыздандырылған. |
| 6 | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | А.А.Токееваның диссертациялық жұмысының барлық қорытындылары ғылыми дәлелдемелерде негізделген. Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдалған нәтижелердің негізі бар және шынайы деп қарауға болады. Себебі, зерттеудің әдіснамалық негіздері мемлекеттік бағдарламаларға, заңнамаларға және ғылыми теорияларға негізделуімен және қарастырып отырған ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін нақтылаумен, сонымен қатар әртүрлі ғылымдар саласындағы ой-тұжырымдарды саралау арқылы қол жеткізген.<br>Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен қорытындылар ҚР мен ҚХР-ның әріпестік мәселесін зерттеуі теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Зерттеу жұмысының қорытындылары ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген және статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған және негізгі нәтижелері 10 ғылыми еңбектерде жарияланған. |
| 7 | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:<br>7.1 Қағидат дәлелденді ме?<br>**1)дәлелденді;**<br>2)шамамен дәлелденді; | Диссертант А.А.Токееваның диссертациялық жұмысы бойынша жеті қағидат ұсынған:<br>7.1 Қағидаттар теориялық, әдістемелік және практикалық зерттеу барысында толығымен дәлелденген. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3)шамамен дәлелденбеді;<br>4)дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1)иә;<br>**<u>2)жоқ</u>**<br>7.3 Жаңа ма?<br>**<u>1)иә</u>**<br>2)жоқ<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1)тар;<br>2)орташа;<br>**<u>3)кең</u>**<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе?<br>**<u>1)иә;</u>**<br>2)жоқ | 7.2 Тривиалды емес, себебі ҚР мен ҚХР-ның серіктетік мәселелесі жан-жақты, соңғы жылдардағы "Бір белдеу, Бір жол" бастамасы және жаңадан құрылған Орта Азия - Қытай (5+1) жаңа форматтар аясында және Жаңа Қазақстанның стратегиялық мүддесіне сай зерделенді.<br>7.3 Иә, диссертациялық жұмыстың әрбір қағидасы жаңа болып табылады. Өйткені бірінші-екінші қағида авторлық анықтамаларға негізделген.Сондай-ақ екінші қағидада Қазақстан мен Қытай арасындағы әріптестік коммуникация тұрақты ( константты) ұстаным бола береді деген тұжырым жасаған және авторлық көзқараспен ғылыми негізделген. Үшінші қағидада дипломатиялық қатынастың динамикасы кезеңдеріне негізделе отырып, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының стратегиялық әріптестігінің эволюциясы ұсынылады. Төртінші қағидада Қазақстан мен Қытайдың аталған аймақтық платформа аясында ынтымақтастығына кешенді сараптама жасай отырып, олардың халықаралық және аймақтық ұйымдар аясындағы әріптестігіне компаративистикалық талдау нақты нәтиже беретіндігін дәлелдеген. Бесінші қағидада Қазақстан мен Қытай халықаралық және аймақтық ұйымдарда әрекеттесуінің экономикалық бағыттары екі ел арасындағы әріптестіктің негізгі буыны ретінде деген түйінге келген.<br>Алтыншы қағидада Қазақстан–Қытай әріптестік қатынастарының қазіргі халықаралық және аймақтық ұйымдарын зерттей отырып, екі ел арасындағы серіктестіктің негізгі мәселелері қарастырылды деген тұжырымға келген. Жетінші қағидада Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығының 30 жылдық даму жолын қарастыра отырып, екі ел арасындағы әріптестігінің негізгі тенденциялары мен болашағына жасалған болжауы дәйекті болып шыққан, авторлық әдістеме негізделіп, дәлелденген.<br>7.4 Диссертациялық жұмыстың қолданбалы деңгейі зерттеу пәні бойынша жаңа білімді ұсынады, Қазақстан-Қытай әріптестігін алдағы зерттеу жұмыстарына теориялық негіз бола алады және қолданылу ауқымы кең. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | 7.5. Иә. Диссертацияның негізгі қағидалары 10 мақалада жарық көрген. А.А. Токееваның әр деңгейлі конференцияларда баяндалған. |
| 8 | Дәйектілік қағидаты: дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>**1)иә;**<br>2)жоқ | Әдіснаманы таңдау негізделген немесе әдістеме диссертациялық жұмыстың кіріспесінде тереңінен сипатталған. Жұмыстың әдіснамалық негіздері ретінде концептуалдық, жүйелік, тарихи-логикалық, компаративистикалық, жіктемелік, эпистолярлық, құжаттық, контент талдау, ивент талдау, кейс-стади талдау әдістері және жалпылық, коммуникативтік, даралық, ерекшеліктік, себеп-салдарлық, индукция және дедукция, тұтастық, әмбебаптық ұстанымдары (принциптері) алынды.<br>Әдістері дұрыс таңдалған және тиімділігі дәлелденген. |
| | | 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>**1) иә;**<br>2)жоқ | Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдана отырып алынды.<br>Теориялық қорытындылар анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Зерттеу нәтижелері компьютерлік технологиялар арқылы жүргізілді. Зерделеу барысында, бақылау, сұхбат, сұрақ жауап, тесттер және әдістемелер қолданылып, пайдаланылған. |
| | | 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):<br>**1)иә;**<br>2)жоқ | Теориялық қорытындылар анықталған өзара қатынастар мен заңдылықтар диссертациялық жұмыста және жарияланған мақалаларда дәлелденген, негізделген және расталған. Бұл зерттеу жұмысында теориялық негіз ретінде одақтастық теориясының (alliance theory) құрама бөлігі саналатын стратегиялық серіктестік концептісі (strategic partnership concept) алынып, оның ішінде дәлірек Wilkins пен Paramesvaran құрылымына сүйенеді. Аймақтық интеграция теориясы (regional integration theory) және мемлекеттер арасындағы сауда тарифтерін қысқартуды уағыздайтын неолиберализм теориясының кейбір аспектілері де қолданылды. Қазақстан мен Қытай қарым-қатынасының геосаяси динамикасын назарға ала отырып, Халфорд Маккиндердің «Хартленд» теориясы да қолданылуы да теориялық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қорытындылар жасауға негіз болды, өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. |
| | | 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге **сілтемелермен расталған** / ішінара расталған / расталмаған | Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. |
| | | 8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз | Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Жұмыста отандық, ресейлік, батыстық және қытайлық авторлардың еңбектерінен және олардың қосымшаларынан пайдаланылған дереккөздердің әсерлі тізімі берілген. |
| 9 | Тәжірибелік құндылық қағидаты | 9.1 Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар:<br>**1)иә;**<br>2)жоқ | Диссертациялық жұмыс теориялық маңызға ие. Себебі, қолданылған жаңа теориялар реляциалық байланыс пен мемлекеттің икемділігі әлемдік саясат, халықаралық қатынастар, аймақтану, саясаттану салаларындағы басқа да зерттеулер үшін пәнаралық контекстте қолданылуы мүмкін. |
| | | 9.2 Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>**1)иә;**<br>2)жоқ | Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары. Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер Министрлігі, дипломатиялық қызмет өкілдері, зерттеу нәтижелері бейіндік министрліктер мен ведомствалар қызметінде, Қазақстан Республикасының ішкі дамуына қатысты мәселелерді шешуде, Қытаймен арадағы байланыстарды ұйымдастыруда, реттеуде қолданысқа ие болуы мүмкін. |
| | | 9.3 Тәжірибелік ұсыныстар жаңа болып табылады ма?<br>1)толығымен жаңа;<br>**2)жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);**<br>3)жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Тәжірибелік ұсыныстар жартылай жаңа болып табылады. Сонымен қатар осы бағыттағы пәндерден оқу бағдарламаларын дайындауда Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында, арнайы курстарда, тақырыпқа қатысты ғылыми зерттеу жобалық нұсқау ретінде қолдануға болады. |
| 10 | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы:<br>**1) жоғары;**<br>2) орташа; | А.А. Токеева академиялық жазуға төселген, ғылыми стильді ұстанып зерттеу жұмысын орындаған. Диссертациялық жұмыстың құрылымын рәсімдеу белгілінген талаптарға сәйкес орындалған. Сонымен қатар, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 3) орташадан төмен;<br>4) төмен. | диссертациялық жұмыс жүйелі тұрғыда жазылған және академиялық жазу сапасы жоғары. |

«6D020200 – халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ізденуші Токеева Асель Амантаевнаның «Стратегиялық әріптестік Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынас формасы ретінде» атты диссертациялық жұмысының ғылыми-теориялық деңгейі жеткілікті, деректік негізі бар ғылыми жұмыс. Диссертация ҚР-ның Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми дәрежелерді беру ережелеріне сай келеді және қорғауға ұсынылады, ал докторант «6D020200 – халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесіне лайық.

**Ресми рецензент:**

**философия ғылымдарының кандидаты,**
**ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және**
**дінтану институтының Саяси**
**зерттеулер орталығының директоры**
n: aidar.amrebayev90@gmail.com

**А.М. Амребаев**

Амребаев А. қолын растаймын
подпись заверяю
кадр бөлімі
отдел кадров